

ҮЗДІК ОҚУ БАСЫЛЫМЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

1. Белсенді баспа қызметіне профессор-оқытушылардың құрамының мотивациясы.
2. Университет баспасының қазіргі заманға сай дамуына ықпалы.
3. Оқу процесінде білім беру құзыреті моделі инновациялық әдістерді қолдану негізінде оқулықтар жасау үшін профессор-оқытушылардың белсенділігі.
4. Баспадан шығарылатын оқулықтардың сапасын арттыру.
5. Үздік оқу-әдістемелік жарияланымдардың авторларын, университет қызметкерлерін анықтау және жарнамалау.
6. Жаңа технологиялық нысандарды, әдістерді және де компьютерлік технологияларды енгізу, білім беру және ғылыми ақпаратты ұсыну.
7. Оқу процесіне ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізу.

2. Байқау номинациялары

8. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:
 - үздік оқулық (аудан бойынша);
 - үздік әдістемелік оқу құралы (аудан бойынша);
 - үздік оқу-әдістемелік оқулық (аудан бойынша);
 - ең үздік әдістемелік нұсқаулар (аудан бойынша).
9. Байқау комиссиясы арнайы (қосымша) номинация құру құқығына ие болады.

3. Байқаудың өтілуі мен оны ұйымдастырушылар

10. Байқауды ұйымдастырушылар - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың редакциялық баспа ісі қызметкерлері болып табылады.

11. Байқауды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары Академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің әдістемелік бөлімінде жүзеге асырылады.

12. Байқауға авторлары университеттің күндізгі ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік қызметкерлері (жеке немесе ұжымдық) болып табылатын оқу басылымдар мен монографиялар (оның ішінде электрондық) қатыса алады.

13. Байқауға келесі жарияланымдар ұсынылады:

Оқулық – типтік оқу жоспары мен типтік оқу бағдарламасы бар, ҚР ЖМББС арқылы анықталған, әр пән бойынша жүйелі мазмұны бар кітап және де оқыту процесінің негізі болып табылады. Оқулық баспа немесе электронды түрде ұсынылуы мүмкін.

Әдістемелік оқулық - білім ақпаратын қамтитын, оқу бағдарламалық материалдар авторлық түсіндіруле белгіленіп, кітапты ауыстыра алатын немесе толықтыратын басылым түрі.

Оқу-әдістемелік оқулық - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үшін пәнді зерделеу, оның бөліктерін және жеке (бөлімдер) тақырыптарды оқытуға арналған материалдарды қамтитын оқулық түрі.

Нұсқаулықтар мен ұсынымдар – барлық білім беру нысандарында оқитын студенттермен зертханалық, практикалық, семинар жұмыстарын жүргізуге арналған басылым.

Тапсырмалар мен жаттығулар жинағы, практикум – пәннің оқу материалдарын меңгеруге арналған практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды қамтитын басылым.

Монография – оқу бағдарламасына енгізілген, бір немесе бірнеше авторларға тиесілі, белгілі бір мәселені, сонымен қатар ғылыми және техникалық зерттеулердің толық және жан-жақты мазмұны қамтылған, ғылыми немесе атақты ғылыми басылым.

14. Байқау қаңтар айында жарияланып, байқауға алдындағы жылда шығарылған басылымдар қатыстырылады: оқулықтар – кемінде 10 б.п, әдістемелік оқулықтар – кемінде 6 б.п, оқу-әдістемелік оқулықтар – кемінде 6 б.п.

15. Байқауға ұсынылатын жұмыстар «Қазақ Университеті» баспасынан бастырылып шығарылуы тиіс.

16. Байқауға жұмыстарды ұсыну факультет кафедраларының әдістемелік бюросымен бірігіп іске асырылады.

17. Байқауға қатыстырылатын әрбір басылымға жеке-жеке папка жасалады:

1) байқауға қатысуға арналған өтініші;

2) бастырылып шығарылған оқу-әдістемелік басылым – 1 дана;

3) университеттегі оқу-әдістемелік комиссия мүшелерінің жиналысында қаралғаны жайлы қолхат болу керек, онда төменгі нұсқаулықтар көрсетілсін:

- оқу-әдістемелік оқулықтаң мазмұны пән бағдарламасына сәйкес және де сұрақтармен толықтырылуы;

- пәнаралық байланыстың болуы;

- әдістемелік материалдардың түпнұсқалығы мен қолжетімділігі;

- өз-өзін басқаруға арналған материалдар, студенттердің пәнді тереңірек меңгеруі үшін өзіндік жұмыстың қамтылуы;

- оқу процесінде көрсетілген материалдарды пайдалану;

- ҚР БҒМ және РОӘК ОӘК грифтер тағайындау көшірмесі.

4. Бағалау шарттары

18. Оқу басылымын бағалау кезіндегі негізгі өлшемдері:

- оқу бағдарламасының осы бағыттағы немесе осы мамандық бойынша мазмұн талаптарына сәйкестік дәрежесі;

- сәйкесінше бағыттағы құзыр құралымына ықпалдық дәрежесі;

- оқу үдерісінде жаңашыл әдістердің сәйкестігі, белсенді және интерактивті сабақтар өткізу әдістерін кең пайдалана отырып, аудитордан тыс жұмыстарды да қамту;

- ғылыми;

- жаңашылдық және мазмұнының өзектілігі;

- басылым құрылымы (кіріспе, негізгі бөлімі, қорытынды, жиынтық және төл құрамдары);

- негізгі бөлімнің рубрикациясы (оқу басылымында деңгейлік дифференциясының болуы, логика және тарау, параграфтарды ерекшелену жеткілікті деңгейде болуы керек);

- материал мазмұнының көрнектілігі;

- материал мазмұнының қолжетімділігі;

- дидактикалық аппарат және оның оқу материалының мазмұнына сай келуі (сұрақтар, жаттығулар, тест сұрақтары, интерактивті құралдар);

- студенттердің өзіндік жұмыстарында тиімді пайдалануы;

- полиграфиялық талаптарға сәйкес болуы (кестелер, суреттер, шрифт, интервал);

- көркемдік рәсімдеу (шрифттердің екшеленуі);

- ҚР БҒМ және РОӘК ОӘК ұсыныс грифтерінің болуы;

- көлемі және басылым таралымы ;

- университеттің оқу үдерісінде және басқа да жоғары оқу орындарында осы оқу құралының қажеттілігі;

- сатылу көлемі және т.б.

19. Конкурс комиссиясы қосымша шарттар тағайындауға немесе берілген және бағалау бірлігін анықтау барысында өзгертуге құқылы.

5.Конкурс нәтижелерін қорытындылау

20. Конкурс нәтижелерін қорытындылау үшін ректор бұйрығымен сараптама комиссиясы құрылып, тағайындалады.Сараптама комиссиясының мүшесі конкурсқа қатысуға құқысы бар,бірақ сараптама кезінде және конкурс нәтижелерін талқылауға қатыса алмайды

21. Сараптама комиссиясының құқылары :

- оқу-әдістемелік басылымдар талаптарға сай келмеген жағдайларда конкурстан шығарылады;

- оқу-әдістемелік басылымдарға сараптама жасау үшін сәйкесінше сол ғылым саласында қызмет істейтін бас мамандарды тарта алады;

- конкурс жұмыстарының авторларын комиссия мәжілісіне шақыра алады ;

- Университет Ғылым Кеңесінің алдында байқауда жеңіске жеткен оқулықтар мен оқу (оқу-әдістемелік) құралдарына гриф иелену үшін ҚР Білім және Ғылым Министірілігіне, *ОӘК*сәйкесінше өтініш жасай алады.

22. Конкурс нәтижелерін талқылау сараптама комиссиясы мәжілісінің қорытындысы бойынша өткізіледі. Балл ұпайларына байланысты, бағалау шарттары бойынша сарапшылар әр номинация бойынша конкурс жеңімпаздары туралы ашық дауыспен шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төраға пікірі шешуші болып табылады.

23. Сараптама комиссиясының келісімімен әр номинация бойынша кейбір (жеке) жұмыстар көтермеленуі мүмкін (жоғары деңгейі үшін, өзектілігі, басылым мәдениеті және басқа да қосымша шарттары бойынша).

24. Қорытындылау нәтижелері барысында конкурс комиссиясы әр номинация бойынша 1,2,3 орындар иегерлерін белгілейді.

25. Конкурс комиссиясы мәжілісте комиссия мүшелерінің 2/3 болған жағдайда, шешім қабылдай алады.

26. Конкурс қорытындысы протоколмен рәсімделеді, онда сараптама комиссиясының барлық мүшелері және мәжіліске қатысқан тәуелсіз сараптама мүшелері де қол қояды.

27.Конкурс жайлы кез келген мәлімет жарияланбауы керек.

28. Конкурс қорытындысының нәтижесі ректор бекіткеннен кейін ғана хабарланады.

29.Конкурс жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

Үздік оқу басылым конкурсына қатысу үшін тапсырыс

Мәліметтер	Толтыру үшін төркөз
Факультет	
Кафедра	
Автор (автор ұжымы)ғылыми дәрежесі, атағы және әр автордың лауазымы	
Түрі (оқулық / оқу (оқу-әдістемелік және т.б.) құрал	
Басылым атауы (толық библиографиялық сипаттамасы)	
Номинация	
Дайындық бағыты/басылымды қолданатын немесе қолданып жүрген мамандық	

Бағалау шарттары

№	Шарттары	Балл ұпайлары
1	Оқу бағдарламасының осы бағыттағы немесе осы мамандық бойынша мазмұн талаптарына сәйкестік дәрежесі	
2	Сәйкесінше бағыттағы құзыр құралымына ықпалдық дәрежесі	
3	Оқу үдерісінде жаңашыл әдістердің сәйкестігі, белсенді және интерактивті сабақтар өткізу әдістерін кең пайдалана отырып, аудиториядан тыс жұмыстарды да қамту	
4	Ғылыми деңгейі	
5	Жаңашылдық және мазмұнының өзектілігі	
6	Басылым құрылымы (кіріспе, негізгі бөлімі, қорытынды, жиынтық және төл құрамдары)	
7	Негізгі бөлімнің рубрикациясы (оқу басылымында деңгейлік дифференциясының болуы, логика және тарау, параграфтарды ерекшелеу жеткілікті деңгейде болуы керек)	
8	Материал мазмұнының көрнектілігі	
9	Материал мазмұнының түсініктілігі, жатық тілмен жазылуы	
10	Дидактикалық аппарат және оның оқу материалының мазмұнына сай келуі (сұрақтар, жаттығулар, тест сұрақтары, интерактивті құралдар)	
11	Студенттердің өзіндік жұмыстарында тиімді пайдалануы	
12	Полиграфиялық талаптарға сәйкес болуы (кестелер, суреттер, қаріп, интервал)	
13	Көркемдік рәсімдеу (қаріптік екішеленуі, компьютерлік өңделуі)	
14	ҚР БҒМ және РОӘК ОӘБ ұсыныс грифтерінің болуы	
15	Көлемі	
16	Басылым таралымы	
17	Университеттің оқу үдерісінде және басқа да жоғары оқу орындарында осы оқу құралының қажеттілігі	
18	Сатылым көлемі	